

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің  
6D020300-Тарих мамандығы бойынша PhD докторанты  
Бисембаева Ляззат Амандыковнаның «Жетісу облысы ауыл және село  
тұрғындарының күнделікті өмірі (1867-1917 жж.)» атты диссертациялық  
зерттеу жұмысына берілген отандық ғылыми кеңесшінің**

**ПІКІРІ**

Диссертанттың ғылыми кеңес алдында қорғауға ұсынып отырған зерттеу жұмысы өткеннен сабақ алу, сондай-ақ бүгінгі Қазақстан қоғамының өркениет жолында ішкі тұрақтылық пен ұлтаралық татулықты сақтауды басты құндылық ретінде қабылдауына қызмет жасайды.

Бүгінгі таңда қоғам тарапынан тарихи зерттеулерге қойылатын талап өте жоғары. Ол үшін тарих ғылымына зерттеу құралдарын тынымсыз жетілдіріп отыруға тура келеді. Қоғамның жүріп өткен жолын күнделіктілік әдіс-құралдары арқылы талдауға алу бүгінде тарих ғылымында кең қолданысқа ие болуда. Бұл методологиялық әдіс, сондай-ақ тарихты оқыту процесіне де еніп үлгерді. Бисембаева Ляззаттың «Жетісу облысы ауыл және село тұрғындарының күнделікті өмірі (1867-1917жж.)» атты диссертациялық жұмысы осы арнада жазылған.

Диссертанттың Жетісу өңірі тарихының жоғарыда аталған кезеңін арнайы зерттеу нысанына алуы, әрине, жайдан жай емес. XIX ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың 1917 жылға дейінгі мезгілі қоғам өміріндегі қауырт өзгерістер кезеңі. Бұл жылдары Жетісу халқы бұрынғы бұйығы да қалыпты өмірімен біржола қоштасты. Оның күнделікті тіршілігіне Ресейлік саяси жүйемен бірге жаңа экономикалық және әлеуметтік-мәдени қатынастар ентелей еніп келе жатты. Ол қатынастарды тоқтату да мүмкін емес-тін. Қазақ қоғамына оларға бейімделуден басқа жол да қалған жоқ-тын. Қоғам өміріндегі осы өзгерістер қандай жолдан өтті, қалыптасқан жаңа жағдайдың жергілікті этностың күнделікті тіршілігіне қандай әсері болды, жаңа табиғи және қоғамдық ортаға келген қоныс аударушылар қандай күйді бастарынан кешірді, міне, осы және басқа толып жатқан сұрауларға жауап іздеу тарих ғылымының міндеті.

Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, дерек көздерінің тізімінен және жұмысқа қосымша ретінде тіркелген материалдардан тұрады.

Бірінші тарауда Ресей империясының құзырына енген Жетісу халқының саяси және экономикалық өміріндегі жаңа үрдістер күнделіктілік тұрғыдан талдауға алынады. Жетісу өңірі Ресей үкіметі үшін стратегиялық тұрғыдан аса маңызды аймаққа айналды. Өйткені Ресейдің көрші Қытай елімен және Орталық Азиядағы мемлекеттік құрылымдармен қатынасы осы Жетісу арқылы өріс алатын еді. Ресей билігі Жетісудың осындай стратегиялық маңызын жақсы білді, бірақ біле тұрып өзін отарлаушы билік ретінде сезінді. Оның жергілікті өңір халқымен ара қатынасы осы ұстанымға сүйенді. Бұл тұрғыда оның басқа еуропалық отарлаушы мемлекеттерден айырмашылығы жоқ-тын. Кейінгі келеңсіз жағдайлар (мәселен, 1916 жылғы көтеріліс)

осындай отарлаушы мен отарланушы арасындағы теңсіздіктен туындап жатты. Диссертанттың бірінші тарауға байланысты «Жетісу жері Ресейге саяси жағынан стратегиялық аймақ ретінде, ал экономикалық жағынан шикізат базасы және өнеркәсіп өнімдерін өткізетін рыноктық аймақ ретінде ғана маңызды болды» деген тұжырымы негізсіз емес-тін.

Диссертант жалпы зерттеу жұмысында қойылған мәселелерді диалектикалық қайшылық тұрғысынан қарап, біржақтылықтан кетуге тырысады. Мәселен, ол жергілікті халықтың осы кезеңдегі еңбек құралындағы өзгерістерді ресейлік ықпал ретінде қарастырып, сонымен бірге жергілікті халыққа егін егу мәдениеті орыс қожалықтарымен бірге келді деген пікірді үзілді-кесілді жоққа шығарады.

Екінші тарауда қойылған мәселелер күнделіктілік тақырыбынан туындайды. Мәселен, Л.Бисембаева зерттеудің «Реформа және халық» аталатын бөлімінде қарапайым халықтың ресейлік реформаға көзқарасын Жетісу өңіріне кеңінен танымал Бақтыбай Жолбарысұлы, Албан Асан Барманбекұлы, Шортанбай Қанайұлы, Дулат Бабатайұлы, Дүйсенбай би Шоманакұлы сияқты ақын-ойшылдардың шығармашылығы арқылы береді. Жаңа ресейлік билікпен бірге жергілікті халықтың күнделікті өміріне ере келген қоғамдық мерездерді сынға алады. Сол уақытқа дейін ішкі өмірі мен қатынастары қалыптасып қалған қоғамның ендігі уақытта бейтаныс, жат тәртіп арқылы басқарыла бастағандығына, оның салдарына жеке тұлғалардың, отбасылардың күнделікті тіршілігіндегі өзгерістер мысалында талдау жасалынады.

Ресей қоғамымен байланысқа түсу қазақ қоғамына қандай жаңалықтар алып келді деген сауалға диссертант елдің киім киісіндегі, күнделікті тұтынған азық-түлігіндегі, тұрғын үйіндегі, жиһаздар мен бұйымдарындағы өзгерістерді саралап көрсету арқылы жауап береді. Бұл процестің жағымды жақтарымен бірге, мәселен, қоғамның ішкі өмірінің басқа ортада қалыптасқан заңдар арқылы реттеле бастауы түрлі қиыншылықтар тудырды, салт-дәстүрдің, ағайынаралық қатынастың, ұлттық бірегейліктің әлсіреуіне жол ашты.

Соңғы тарауда баяндалған материалдан бүкіл әлемді құшағына алған мәдениет және руханиат саласындағы жаңа үрдістің қазақ қоғамына да келіп жеткені Жетісу өңірінде ғылым мен білімнің өріс алуынан байқалады. И.Гаспринскийдің «Тәржімәнын», А.Байтұрсынұлының «Қазағын», М.Дулатұлының «Оян, қазағын» және басқа осы мазмұндағы басылымдар мен кітаптардың Жетісу жерінің күнделікті өмір-тіршілігіне жаңа леп, серпін алып келгенін, бұл өзгерістерді ізденуші Сара ақын, Сүйінбай Аронұлы сияқты ойшыл-ақындардың шығармашылығына, түрлі естеліктердегі фактілерді ғылыми айналымға тарту арқылы талдауға алады. Диссертант өңірге өткен ғасырдың басында келген ағартушылық үрдісін жергілікті халықтардың зиялылары биліктің озбыр отарлық саясатына қарсы қоя білгендігін нақты фактілерге сүйене отырып аша білген.

Диссертациялық зерттеудің соңғы параграфында Л.Бисембаева 1916 жылғы көтеріліс тұсындағы өңірдің күнделікті өміріндегі ерекшеліктерге

тоқталады. Бұл тақырып, біздің ойымызша, тура алынған. Өйткені, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс Жетісудағы, жалпы қазақ жеріндегі патшалық биліктің жүргізген саясатының жинақы қорытындысы еді.

Диссертация бай дерек көздеріне негізделген. Бұл ретте Л.Бисембаева тек архив құжаттарына басымдық берумен шектелмейді. Диссертациялық зерттеуде айналымға Алматы және Ташкент архив қорларындағы фактілік материалдар молынан тартылғаны рас. Мәселен, автор Жетісу облыстық басқармасының жылдық есептерін ұтымды пайдаланған. Сонымен бірге, Л.Бисембаеваның түрлі естелік материалдарды, жергілікті шығармашылық иелерінің еңбектерін орынды айналымға тартқанын айтқан жөн.

Аталған ғылыми нәтижелерді ескере отырып, докторант Бисембаева Ляззат Амандыковнаның 6D020300-Тарих мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысын толық аяқталған дербес зерттеу жұмысы деп есептеймін. Диссертациялық зерттеу жұмысы PhD докторлық диссертацияға қойылатын талаптарға сай жазылған. Диссертациялық жұмысты Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің жанынан ашылған диссертациялық кеңестің мәжілісінде қорғауға ұсынамын.

**Отандық ғылыми  
кеңесші т.ғ.д., профессор**

